

Кепілдік беру туралы шарт немесе реновациялау шеңберінде шарттар жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 432 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 7 қазанда № 14312 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.04.2026 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрық 10.10.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кепілдік беру туралы шарт немесе реновациялау шеңберінде шарттар жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.04.2026 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін баспа және электронды түрде ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 10 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Қ. Бишімбаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 432 бұйрығымен
бекітілген

Кепілдік беру туралы шарт немесе реновациялау шеңберінде шарттар жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а . 22.04.2026 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кепілдік беру туралы шарт немесе реновациялау шеңберіндегі шарттар жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және Тұрғын үй құрылысының Бірыңғай оп000ераторынан (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) кепілдік алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру кезінде кепілдік беру туралы шарт немесе реновациялау шеңберіндегі шарттар жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды қарау тәртібін регламенттейді.

2. Бірыңғай оператордан кепілдік алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру кезінде құрылыс салушы мен уәкілетті компанияға қойылатын талаптар осы Заңның 8 және 8-1-баптарында айқындалған.

Бірыңғай оператордың өтінімдерді қабылдауы Бірыңғай оператордың Заңның 28-бабының 7-тармақта көзделген капитал жеткіліктілігі нормативінің шекті мәніне қол жеткізілген жағдайды қоспағанда, бірыңғай оператордың ақпараттық жүйесі арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылады, бұл туралы бірыңғай оператордың интернет-ресурсында көрсетіледі.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кепілдік – Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдік беру жағдайы туындаған кезде көппәтерлі тұрғын үйдің және (немесе) жеке тұрғын үйлер кешенінің құрылысын аяқтауды ұйымдастыру және үлескерлерге тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлерге реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша көппәтерлі тұрғын үйдегі және (немесе) жеке тұрғын үйлер кешеніндегі үлестерін беру жөніндегі міндеттемесі;

2) кепілдік беру жағдайы – олар басталған кезде Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторында көппәтерлі тұрғын үйдің және (немесе) жеке тұрғын үйлер кешенінің құрылысын аяқтау жөніндегі міндеттеме және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру туралы шарт бойынша үлескерлердің алдында және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру туралы шарт бойынша реновациялау шеңберіндегі үлескерлердің алдында жауапкершілік туындайтын, осы Заңда айқындалған жағдай немесе жағдайлар жиынтығы;

3) кепілдік шеңберінде реновациялау туралы шарт (бұдан әрі – реновациялау туралы шарт) – Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы, құрылыс салушы және уәкілетті компания арасында жасалатын, реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру талаптары туралы шарт;

4) кідірту талабы – кепілдік беру жағдайы туындаған кезде тараптарда талаптар қоюдың басталуымен уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлік басқару шарты бойынша құқықтар мен міндеттер туындайтын талап немесе талаптар жиынтығы;

5) реновациялау объектісі - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және қала құрылысы жобаларына сәйкес қайта жаңарту бағдарламасына енгізілген құрылыс объектілері;

6) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кепілдігін беру туралы шарт (бұдан әрі – реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт) – Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы, құрылыс салушы, уәкілетті компания және реновациялау объектісінің немесе реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің барлық меншік иелері арасында осы Заңда айқындалатын тәртіппен және талаптарда жасалатын шарт;

7) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру туралы шарт (бұдан әрі – кепілдік беру туралы шарт) – Бірыңғай оператор, құрылыс салушы және уәкілетті компания арасында осы Заңда айқындалатын тәртіппен және талаптармен жасалатын шарт;

8) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы құрылыс салушы (бұдан әрі – құрылыс салушы) – уәкілетті компанияның жарғылық капиталына қатысу арқылы,

көппәтерлі тұрғын үйдің және (немесе) жеке тұрғын үйлер кешенінің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті өзінің меншікті және (немесе) тартылған ақшасы есебінен жүзеге асыратын заңды тұлға;

9) Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) – жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын, мақсаты Қазақстан Республикасының халқына тұрғын үйдің қолжетімді болуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты ипотекалық кредиттеу және жалға берілетін тұрғын үйді беру, үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту тетіктері арқылы іске асыруға қатысу, сондай-ақ құрылыс саласы үшін қаржы ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз ету болып табылатын ипотекалық ұйым;

10) уәкілетті компания – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы құрылыс салушыға тиесілі, көппәтерлі тұрғын үйдің немесе жеке тұрғын үйлер кешенінің үлестік құрылысын және көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі үлестерді өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, арнайы экономикалық аймақтардағы қызметті қоспағанда, қандай да бір өзге коммерциялық қызметпен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлға;

11) үлескер – көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі үлесті алу мақсатында тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жасасқан жеке тұлға (уақытша болатын шетелдіктерді қоспағанда), заңды тұлға немесе қызметін бірлескен қызмет туралы шартқа сәйкес жүзеге асыратын тұлға (жай серіктестік, консорциум).

2-тарау. Кепілдік беру туралы шарт немесе реновациялау шеңберіндегі шарттар жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды қарау тәртібі

1-параграф. Бірыңғай оператордың құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның кепілдік беру туралы шарт жасасу үшін өтінімдерін қабылдауы және есепке алуы

4. Құрылыс салушыдан және уәкілетті компаниядан құрылыс жобасы бойынша өтінім (бұдан әрі - өтінім) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бірыңғай оператордың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде беріледі. Өтінімге құрылыс салушы және уәкілетті компания электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

5. Құрылыс салушы және уәкілетті компания өтінімге осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес құжаттар тізбесін қоса береді. Бұл ретте өтінімге қоса берілетін құрылыс жобасын қаржыландыру жоспары осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Құрылыс салушы бір жыл ішінде жаңа құрылыс жобасымен қайта жүгінген кезде осы Ереженің 2-қосымшасының 1-тармағында, 2-тармағының 1) тармақшасында, 8-

тармағының 1) тармақшасында және 9-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды Бірыңғай операторға ұсыну талап етілмейді. Бұл талап Бірыңғай операторға қайта өтініш жасағанға дейін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген құжаттарға қолданылмайды.

6. Өтінімді қарау мерзімі құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның кепілдік беру туралы шарт жасасуға өтініш жасаған күнінен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды. Құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның жүгінген күні болып Бірыңғай оператор тиісті өтінімді қажетті құжаттарымен бірге тіркеген күн есептеледі.

Өтінімді тіркеу жұмыс күндері және жұмыс уақытында жүзеге асырылады. Өтінім жұмыс уақытынан тыс келіп түскен жағдайда, ол келесі жұмыс күні тіркеледі.

Қаралатын өтінім бойынша ескертулер болған кезде, Бірыңғай оператор ескертулерді жою үшін он жұмыс күнінен аспайтын мерзімді белгілей отырып, тиісті құжаттарды пысықтауға жібереді. Бұл ретте өтінімді қарау мерзімі тоқтатылады.

2-параграф. Бірыңғай оператордың кепілдік беру туралы шарт жасасу үшін құрылыс салушының және уәкілетті компанияның өтінімін қарау тәртібі

7. Бірыңғай оператордың өтінімді қарауы:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген құжаттардың тізбесіне сәйкес көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысының жобасы бойынша ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру;

2) өтінімді тіркеу және көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысының жобасы бойынша ұсынылған құжаттарды талдау;

3) кепілдік беру туралы шарт жасасу не жасасудан уәжді түрде бас тарту туралы шешім қабылдау кезеңдерін көздейді..

8. Бірыңғай оператордың кепілдік беру туралы шарт жасасу не жасасудан уәжді түрде бас тарту туралы шешімі ұсынылған құжаттарды талдау нәтижелеріне негізделеді.

9. Көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды талдау қаржылық және заңдық бағалауды қамтиды.

10. Қаржылық бағалау:

1) қаржылық есептілікті талдауды, Уәкілетті компанияның және Құрылыс салушының қаржылық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді есептеуді;

2) жобаны қаржыландыру көздерін талдауды;

3) уәкілетті компанияның баға саясатының барабарлығын талдауды;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес құрылысы аяқталмаған объектідегі орындалған жұмыстарды салыстыруды көздейді.

Жұмыстардың орындалған көлемдері өлшенгеннен және инжинирингтік компания зертханалық зерттеулерсіз монтаждалған конструкцияларды ақаулықтардың бар-жоғы

тұрғысынан зерттегеннен кейін Актілер бойынша орындалған жұмыстарды объектіде іс жүзінде орындалған жұмыстармен салыстыру жүргізіледі;

5) құрылысты аяқтау үшін қажетті жұмыстардың толықтығын бағалауды;

6) құрылыс бюджетінің (сметасының): құрылыстың көлемі мен құнының негізділігін талдауды көздейді.

11. Осы Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген тәуекел факторлары мен көрсеткіштерін есептеу үшін соңғы қаржылық жылдағы құрылыс салушының қаржылық есептілігіне (бухгалтерлік теңгерім, пайдалар мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, жеке капиталындағы өзгерістер туралы есеп) талдау жүргізіледі.

12. Заңдық бағалау және жоба бойынша құқықтық, беделділік тәуекелдердің болуын (болмауын) анықтау:

1) Құрылыс салушының, Уәкілетті компанияның құқық белгілейтін құжаттарын шолу;

2) корпоративтік басқару туралы құжаттарды, алқалы басқару органдарының шешімдерін және Уәкілетті компанияның негізгі сенімхаттарын шолу;

3) Уәкілетті компанияның осы Заңның 35-бабына сәйкес сенімгерлік басқаруға берілуі болжанып отырған мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды талдау;

4) Уәкілетті компанияның жарғылық капиталын қалыптастыру заңдылығын, қатысушылар (акционерлер) туралы мәліметтерді, Уәкілетті компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді талдау;

5) Уәкілетті компания мен мердігердің (бас мердігердің) қажетті рұқсат беру құжаттарының болуы;

6) Осы Қағидалардың 11-1 тармағымен айқындалған ерекшеліктерді ескере отырып, Уәкілетті компанияның мердігермен (бас мердігермен) жасасқан құрылыс мердігерлік шартының негізгі ережелерін талдау;

7) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияға қатысты мүліктік сипаттағы орындалмаған сот талқылауларының болуы немесе болмауы;

8) ресми түрде танылған көздерден салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектерінің болуы (не болмауы) туралы Уәкілетті компания, Құрылыс салушы туралы ақпаратты зерделеу арқылы жүргізіледі.

13. Егер көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысының жобасын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы – арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын және арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының (бұдан әрі – АЭА қатысушысы) бірыңғай тізіліміне енгізілген заңды тұлға болып табылатын Уәкілетті компания жүзеге асыратын болса, онда құрылыс мердігерлік шарты Уәкілетті компанияның жобалау-сметалық құжаттамасымен қарастырылған материалдардың және (немесе) жабдықтардың бөлігін сатып алуынан тұруы мүмкін.

14. Өтінімді қарағаны үшін Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама нормаларының талаптарына сәйкес Кепілдік беру қорының шешімімен бекітілетін мөлшерде Бірыңғай оператордың банктік шотына аудару жолымен біржолғы комиссия алынады. Өтінімді қарағаны үшін алынған комиссия қайтаруға жатпайды.

3-параграф. Бірыңғай оператордың құрылыс салушымен және уәкілетті компаниямен кепілдік беру туралы шарт жасасуы және кепілдік беру туралы шешім қабылдауы

15. Бірыңғай оператор кепілдік беру туралы шарт жасасудан мынадай негіздер бойынша:

1) Құрылыс салушының, Уәкілетті компанияның Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның:

уәкілетті компания, Бірыңғай оператор және инжинирингтік компания арасындағы үлестік тұрғын үй құрылысында инжинирингтік қызметтерді көрсету туралы;

уәкілетті компания мен Бірыңғай оператор арасындағы аяқталмаған құрылыс объектісімен бірге жер учаскесінің кепіл;

құрылыс салушы мен Бірыңғай оператор арасындағы уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) кепіл;

Құрылыс салушы мен Бірыңғай оператор арасындағы уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) сенімгерлік басқару шарттарды уақтылы жасаспауы;

3) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша өтінім беру күніне 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен көп мөлшерде өтелмеген берешегінің болуы;

4) құрылыс салушыға, уәкілетті компанияға қатысты оңалту немесе банкроттық туралы іс жүргізуді қозғау туралы сот шешімдерінің болуы;

5) Заңға сәйкес көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй кешені құрылысы жобасы бойынша құжаттарды тексеру нәтижелері;

6) қаржылық-экономикалық есептеулермен, оның ішінде жобаны іске асырудың рентабельділігін, өтімділігін және ықтимал тәуекелдерін талдаумен расталған жобаның рентабельділігі мен тиімсіздігі жағдайында;

7) өтінім берілген күнге дейінгі соңғы үш жыл ішінде құрылыс салушының жобасы бойынша көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешенін салуды жүзеге асыру кезінде уәкілетті компанияға қатысты Бірыңғай оператор тарапынан кепілдік жағдайы жарияланған болса;

8) кепілдік беру туралы шарт немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасу туралы шешім қабылдау Бірыңғай оператордың қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге

асыратын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, бір қарыз алушыға (қарыз алушылар тобына) ең жоғары тәуекел коэффициентін бұзуына алып келуі мүмкін болса;

9) көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешені құрылысы жобасының бекітілген қала құрылысы жобаларына сәйкес келмеуі бойынша бас тартады.

16. Кепілдік беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда, Бірыңғай оператор жоба бойынша кепілдік жарнаның мөлшерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 14190 болып тіркелген) Кепілдік жарнасының мөлшерін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі – Кепілдік жарнасының мөлшерін айқындау әдістемесі) сәйкес бекітеді

Бірыңғай оператор қажет болған жағдайда кепілдік беру жөнінде оң шешім қабылдаған жағдайда құрылыс салушыдан және (немесе) уәкілетті компаниядан үлестес және байланысты заңды және жеке тұлғалардың кепілдігін сұратады.

17. Кепілдік жарна мөлшерлемесін қолдану үшін құрылыс салушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бағаланатын тәуекелдер факторы бойынша 60 және одан жоғары балл жинауы қажет.

18. Бірыңғай оператордың оң шешімі Кепілдік беру туралы шарт жасасу үшін негіздеме болып табылады.

4-параграф. Бірыңғай оператордың құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның реновациялау шеңберінде шарттар жасасу үшін өтінімдерін қабылдауы және есепке алуы

19. Құрылыс салушы және уәкілетті компания Бірыңғай оператормен реновациялау шеңберінде шарттар жасау үшін:

кепілдік шеңберінде реновациялау туралы шарт жасауға өтінім (бұдан әрі – реновациялау туралы шарт);

реновациялау шеңберінде үлестік қатысу бойынша кепілдік беру туралы шартқа (бұдан әрі – реновациялау шеңберіндегі кепілдік беру туралы шарт) (Бірыңғай оператордың қосылуы) өтінімдер береді.

Реновациялау шеңберіндегі кепілдік беру туралы шартқа (Бірыңғай оператордың қосылуы) өтінім тек Бірыңғай оператор, құрылыс салушы және уәкілетті компания арасында реновациялау туралы шарт жасалған жағдайда беріледі.

20. Реновациялау шеңберіндегі құрылыс жобасы бойынша құрылыс салушы мен уәкілетті компаниядан берілетін өтінімдер осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бірыңғай оператордың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынылады. Өтінімдер құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

21. Құрылыс салушы және уәкілетті компания реновациялау туралы шарт жасау үшін өтінімге осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес құжаттар тізімін, ал

реновациялау шеңберіндегі кепілдік беру туралы шартқа (Бірыңғай оператордың қосылуы) өтінімге осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес құжаттар тізімін қоса береді. Сонымен қатар, реновациялау туралы шарт жасауға өтінімге және реновациялау шеңберіндегі кепілдік беру туралы шартқа (Бірыңғай оператордың қосылуы) өтінімге қоса берілетін құрылыс жобасын қаржыландырудың индикативтік жоспары осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Құрылыс салушы бір жыл ішінде жаңа реновациялау жобасымен қайта жүгінген жағдайда, осы Қағидалардың 6-қосымшасының 1-тармағы, 3-тармағының 1) тармақшасы, 7-тармағы, 8-тармағында көрсетілген құжаттарды Бірыңғай операторға қайта ұсыну талап етілмейді. Бұл талап Бірыңғай операторға қайта жүгінгенге дейін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген құжаттарға қолданылмайды.

22. Реновациялау туралы шарт жасауға өтінім және реновациялау шеңберіндегі кепілдік беру туралы шартқа (Бірыңғай оператордың қосылуы) өтінімді қарау мерзімі тиісті өтінім түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды. Құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның жүгінген күні ретінде Бірыңғай оператор тиісті өтінімді қажетті құжаттарымен бірге тіркеген күн есептеледі. Өтінімді тіркеу тек жұмыс күндері және жұмыс уақытында жүзеге асырылады. Өтінім жұмыс уақытынан тыс келіп түскен жағдайда, ол келесі жұмыс күні тіркеледі.

Өтінімді тіркеу жұмыс күндері және жұмыс уақытында жүзеге асырылады. Өтінім жұмыс уақытынан тыс келіп түскен жағдайда, ол келесі жұмыс күні тіркеледі.

Қаралып жатқан өтінім бойынша ескертулер болған жағдайда, Бірыңғай оператор тиісті құжаттарды пысықтауға жібереді және ескертулерді жою үшін он жұмыс күнінен аспайтын мерзім белгілейді. Бұл жағдайда өтінімді қарау мерзімі тоқтатылады.

5-параграф. Бірыңғай оператордың құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның реновациялау туралы шарт жасауға өтінімін қарау тәртібі

23. Реновациялау туралы шарт жасасуға Бірыңғай оператордың өтінімді қарауы:

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасында көрсетілген құжаттардың тізбесіне сәйкес реновациялау жобасы бойынша ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру;

2) өтінімді тіркеу және реновациялау жобасы бойынша ұсынылған құжаттарды талдау;

3) реновациялау туралы шарт жасасу не жасасудан уәжді түрде бас тарту туралы шешім қабылдау кезеңдерін көздейді.

24. Бірыңғай оператордың реновациялау туралы шарт жасасу не жасасудан уәжді түрде бас тарту туралы шешімі ұсынылған құжаттарды талдау нәтижелеріне негізделеді.

Бірыңғай оператордың реновациялау туралы шарт жасасу жөніндегі шешімі Бірыңғай оператор белгілеген мерзімде уәкілетті компания және (немесе) құрылыс салушы орындауға тиіс кейінге қалдырылатын шарттарды қамтуы мүмкін.

25. Реновациялау туралы шарт жасасуға өтінім бойынша құжаттарды талдау қаржылық және заңдық бағалауды қамтиды.

26. Қаржылық бағалау:

- 1) қаржылық есептілікті талдауды, уәкілетті компанияның және құрылыс салушының қаржылық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді есептеуді;
- 2) жобаны қаржыландыру көздерін талдауды;
- 3) уәкілетті компанияның баға саясатының барабарлығын талдауды;
- 4) осы Қағидалардың 8-қосымасына сәйкес берілген индикативтік қаржыландыру жоспарына сәйкес құрылысқа арналған индикативтік құнның негізділігін талдауды көздейді.

27. Осы Қағидалардың 4-қосымшасында белгіленген тәуекел факторлары мен көрсеткіштерін есептеу үшін соңғы қаржылық жылдағы құрылыс салушының қаржылық есептілігіне (бухгалтерлік теңгерім, пайдалар мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, жеке капиталындағы өзгерістер туралы есеп) талдау жүргізіледі.

28. Заңдық бағалау және реновациялау жобасы бойынша құқықтық, беделділік тәуекелдердің болуын (болмауын) анықтау:

- 1) Құрылыс салушының, уәкілетті компанияның құқық белгілейтін құжаттарын шолу;
- 2) корпоративтік басқару туралы құжаттарды, алқалы басқару органдарының шешімдерін және уәкілетті компанияның негізгі сенімхаттарын шолу;
- 3) уәкілетті компанияның осы Заңның 35-бабына сәйкес сенімгерлік басқаруға берілуі болжанып отырған мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды талдау;
- 4) уәкілетті компанияның жарғылық капиталын қалыптастыру заңдылығын, қатысушылар (акционерлер) туралы мәліметтерді, уәкілетті компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді талдау;
- 5) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияға қатысты мүліктік сипаттағы сот талқылауларының болуы немесе болмауы;
- 6) ресми түрде танылған көздерден салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектерінің болуы (не болмауы) туралы уәкілетті компания, құрылыс салушы туралы ақпаратты зерделеу арқылы жүргізіледі.

29. Реновациялау туралы шарт жасасуға өтінімді қарағаны үшін Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама нормаларының талаптарына сәйкес Кепілдік беру қорының шешімімен бекітілетін мөлшерде Бірыңғай оператордың банктік шотына аудару жолымен біржолғы комиссия алынады. Өтінімді қарағаны үшін алынған комиссия қайтаруға жатпайды.

6-параграф. Бірыңғай оператордың реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасу (Бірыңғай оператордың қосылуы) үшін құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның өтінімін қарау тәртібі

30. Реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасуға (Бірыңғай оператордың қосылуына) арналған өтінімді қарау мыналарды көздейді:

1) реновациялау туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізу;

2) осы Қағидалардың 7-қосымшасында көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкес реновациялау жобасы бойынша ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру;

3) өтінімді тіркеу және реновациялау жобасы бойынша ұсынылған құжаттарды талдау;

4) реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасу (Бірыңғай оператордың қосылуы) не жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдау.

31. Бірыңғай оператордың реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасу (Бірыңғай оператордың қосылуы) туралы шешімі не шарт жасасудан (Бірыңғай оператордың қосылуынан) бас тарту туралы дәлелді шешімі ұсынылған құжаттарды талдау нәтижелеріне негізделеді.

Бірыңғай оператордың реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасу (Бірыңғай оператордың қосылуы) туралы шешімі Бірыңғай оператор белгілеген мерзімде уәкілетті компания және (немесе) құрылыс салушы орындауға тиіс кейінге қалдырылатын шарттарды қамтуы мүмкін.

32. Реновациялау жобасы бойынша құжаттарды талдау қаржылық және құқықтық бағалауды қамтиды.

33. Қаржылық бақылау:

1) құрылыс салушының активтерінің болуын талдау, олардың мөлшері аудиторлық қорытындымен расталған қаржылық есептілікке сәйкес соңғы екі қаржы жылы үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шегергеннен кейін қалған жиынтық активтердің кемінде он пайызына тең болуы тиіс;

2) құрылыс салушының қарыз қаражаты мен меншікті капиталдың арақатынасы арқылы есептелетін коэффициентінің мөлшері көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға қабылдағанға дейінгі бүкіл құрылыс мерзімі ішінде жетіден аспау талабының сақталуын талдауды қамтиды.

34. Зандық бағалау және жоба бойынша құқықтық, беделділік тәуекелдердің болуын (болмауын) анықтау:

1) құрылыс салушының, уәкілетті компанияның құқық белгілейтін құжаттарын шолу (көрсетілген құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда);

2) корпоративтік басқару туралы құжаттарды, алқалы басқару органдарының шешімдерін және уәкілетті компанияның негізгі сенімхаттарын шолу (көрсетілген құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда);

3) уәкілетті компанияның осы Заңның 35-бабына сәйкес сенімгерлік басқаруға берілуі болжанып отырған мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды талдау (көрсетілген құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда);

4) уәкілетті компанияның жарғылық капиталын қалыптастыру заңдылығын, қатысушылар (акционерлер) туралы мәліметтерді, уәкілетті компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді талдау (көрсетілген құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда);

5) құрылыс салушыға, уәкілетті компанияға және реновациялау объектісінің (объектілерінің) және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне қатысты мүліктік сипаттағы сот талқылауларының бар-жоғын анықтау;

6) уәкілетті компания, құрылыс салушы және реновациялау объектісінің (объектілерінің) және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелері туралы бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар (жоқ) екендігі жөніндегі ресми танылған көздерден ақпаратты зерделеу;

7) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның реновациялау туралы шартта және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартта көрсетілген барлық талаптарды орындауын талдау;

8) уәкілетті орган тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында Заңның 5-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес бекіткен үлгілік нысан бойынша жасалған, реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың құрылыс салушы, уәкілетті компания және реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің барлық меншік иелері қол қойған болуы;

9) реновациялау объектісіне (объектілеріне) және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарын талдау арқылы жүргізіледі.

7-параграф. Біріңғай оператордың реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасу (Бірыңғай оператордың қосылуы) үшін құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның өтінімін қарау тәртібі

35. Құрылыс салушы мен уәкілетті компания жобалау-сметалық құжаттама бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге байланысты

реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартқа қосымша келісім жасасу үшін Бірыңғай операторға жүгінеді және осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес реновациялау жобасы бойынша құжаттар тізбесін ұсынады.

36. Осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды талдау негізінде реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізу жүзеге асырылады.

37. Реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартқа қосымша келісім жасасу үшін құжаттарды талдау қаржылық және құқықтық бағалауды қамтиды.

38. Қаржылық бағалау:

- 1) уәкілетті компанияның баға саясатының жеткіліктілігін талдау;
- 2) құрылысты аяқтау үшін қажетті жұмыстардың толықтығын бағалау;
- 3) құрылыс бюджетінің (сметасының) негізділігін: құрылыс көлемдері мен құнын талдауды көздейді.

39. Реновациялау жобасы бойынша құқықтық және беделдік тәуекелдердің бар-жоғын (жоқтығын) құқықтық бағалау және айқындау мынадай:

- 1) уәкілетті компания мен мердігердің (бас мердігердің) қажетті рұқсат беру құжаттарының болуы;
- 2) осы Қағидалардың 41-тармағында айқындалған ерекшеліктерді ескере отырып, уәкілетті компанияның мердігермен (бас мердігермен) жасасқан құрылыс мердігерлігі шартының негізгі ережелерін талдау;
- 3) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияға қатысты мүліктік сипаттағы сот талқылауларының бар-жоғын анықтау;
- 4) уәкілетті компания мен құрылыс салушы туралы бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар (жоқ) екендігі жөніндегі ресми танылған көздерден ақпаратты зерделеу жолмен жүргізіледі.

40. Реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартқа қосымша келісім типтік нысанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 433 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 14521 болып тіркелген) құрылысы аяқталмаған нысанмен бірге жер учаскесін кепілге қою туралы шарт жасалғаннан кейін жасалады.

41. Егер көппәтерлі тұрғын үйді салу жобасы арнайы экономикалық аймақ (ӘЭА) қатысушысы болып табылатын уәкілетті компания арқылы жүзеге асырылса, құрылыс мердігерлігі шарты уәкілетті компанияның жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген кейбір материалдар мен (немесе) жабдықтарды алуын көздеуі мүмкін.

8-параграф. Бірыңғай оператордың құрылыс салушымен және уәкілетті компаниямен реновациялау шеңберінде шарттар жасасуы және кепілдік беру туралы шешім қабылдауы

42. Бірыңғай оператор реновациялау туралы шартты және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты (Бірыңғай оператордың қосылуын) мынадай негіздер бойынша:

- 1) құрылыс салушының, уәкілетті компанияның Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 2) өтінім берілген күні салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша алты есе айлық есептік көрсеткіштен асатын өтелмеген берешектің болуы;
- 3) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның мүлігі мен міндеттері бойынша заңды күшіне енген сот шешімдерінің болуы;
- 4) Заңға сәйкес үлестік қатысу механизмдерін қолдана отырып, реновациялау жобасы бойынша құжаттарды қарау нәтижелері бойынша;
- 5) жобаның тиімді емес немесе рентабельді еместігі, индикативтік қаржылық-экономикалық есептеулермен, соның ішінде рентабельділік, өтімділік және жобаны жүзеге асырудағы мүмкін тәуекелдерді талдаумен расталған жағдайда;
- 6) өтінім берілген күннен бастап соңғы үш жыл ішінде реновациялау жобасы бойынша көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешенін салу кезінде құрылыс салушы мен уәкілетті компанияға Бірыңғай оператор тарапынан кепілдік жағдайы жарияланған болса;
- 7) реновациялау туралы шартты жасасу жөніндегі шешім Бірыңғай операторға бір қарыз алушыға (қарыз алушылар тобына) арналған максималды тәуекел коэффициентін , мемлекеттік реттеу, бақылау және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалайтын уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актімен белгіленген мөлшерден асыруға әкелуі мүмкін болған жағдайда;
- 8) реновациялау жобасының бекітілген қала құрылыстық жобаларға келмеуі сәйкес жасасудан бас тартады.

Сонымен қатар, Бірыңғай оператор осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында көзделген негіздерден бөлек, реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты (Бірыңғай оператордың қосылуын) жасасудан мынадай негіздер бойынша:

1) құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның мына шарттарды уақытында жасамауы:

уәкілетті компанияның дауыс беру акцияларының (құрылтай капиталына қатысу үлестерінің) кепілі туралы шартты құрылыс салушы мен Бірыңғай оператор арасында;

уәкілетті компанияның дауыс беру акцияларын (құрылтай капиталына қатысу үлестерін) сенімгерлік басқаруға беру туралы шартты құрылыс салушы мен Бірыңғай оператор арасында;

2) реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың реновациялау шартының талаптарына сәйкес келмеуі жағдайы;

3) реновациялау шарты жасалған сәттен бастап үш ай ішінде құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның Бірыңғай оператордың қосылуы үшін реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты ұсынбауы жағдайында бас тартады.

43. Кепілдік беру жөніндегі оң шешім қабылданған жағдайда, Бірыңғай оператор жоба бойынша кепілдік жарнасының мөлшерін Кепілдік жарнасының мөлшерін анықтау әдістемесіне сәйкес бекітеді.

Қажет болған жағдайда, кепілдік беру бойынша оң шешім қабылданғанда, Бірыңғай оператор құрылыс салушыдан және (немесе) уәкілетті компаниядан байланысы бар және қатысты заңды және жеке тұлғалардың кепілдігін сұрауы мүмкін.

44. Кепілдік жарна мөлшерлемесін қолдану үшін құрылыс салушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бағаланатын тәуекелдер факторы бойынша 60 және одан жоғары балл жинауы қажет.

45. Бірыңғай оператордың оң шешімі Кепілдік беру туралы шарт жасасу үшін негіздеме болып табылады.

Кепілдік беру туралы шарт немесе
реновациялау шеңберінде шарттар
жасасу үшін көппәтерлі тұрғын
үй немесе жеке тұрғын үйлер кешені
құрылысының жобасы бойынша
құжаттарды қарау қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Шығыс № _____
20__ ж. " __ " _____

"Тұрғын үй құрылысының
бірыңғай операторы" басшысы
_____ мырзаға

Өтінім

(құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның атауы)

Сізді тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторынан (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) кепілдік алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру үшін Бірыңғай оператордың кепілдігін алу мүмкіндігін айқындау тұрғысынан талдау жүргізу мақсатында _____

(жобаның атауын, орналасқан жерін көрсету)

жобасы бойынша құжаттар тізбесін қарауға қабылдауыңызды сұрайды.

Осы өтінімге қоса беріліп отырған ақпарат шынайы, толық, сапалы және ақиқатқа сәйкес келетінін растаймыз. Осымен Бірыңғай оператордың өтінімде көрсетілген деректерді, сондай-ақ, құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның бірінші басшысы мен бас бухгалтерінің дербес деректерін жинауы мен өңдеуіне келісім береміз.

(құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның атауы)

жалған, дұрыс емес, сапасыз және толық емес ақпарат ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілігі туралы ескертілді.

Жоба бойынша ақпарат
